

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасында халықаралық автомобиль тасымалдары туралы Келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 шілде N 975

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 7-және 8-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы

Үкіметінің арасында халықаралық автомобиль тасымалдары туралы Келісім жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі Ажар Қилымбекқызы Құзытбаеваға Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасында халықаралық автомобиль тасымалдары туралы Келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.